



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

конкретные ценности, которые определяют специфику преподавателя, обладающего тьюторской позицией. К числу таких ценностей я отнесла следующие: 1) движение, рост обучающегося; 2) общение; 3) забота о другом; 4) выбор. На мой взгляд выбор является системообразующим элементом, он позволяет наиболее ярко проявиться и другим ценностям преподавателя.

Следует заметить, что регламентированная профессиональная деятельность не оставляет возможности преподавателям целенаправленно формировать у студентов умение осуществлять выбор, стандартами им предписано воспитание большого числа компетенций. Именно усилия тьюторов и преподавателей с тьюторской позицией направлены на формирование умения осуществлять выбор, что отличает их деятельность от деятельности других преподавателей.

Список литературы:

1. Лавриненко Т.Д., Боровкова Т.И. Развитие тьюторских компетенций преподавателей в Дальневосточном университете // Становление тьюторской модели современного университета в России. Коллективная монография. Томск, 2019. 111-126 с.
2. Бережнова, Е.В. Взгляды исследователей на роль тьютора в российском образовании // Тьюторство в открытом образовательном пространстве: позиция тьютора в современном образовании. Сборник материалов XV Международной научно-практической конференции, Москва 26-27 октября 2022 г. М.: ДПК Пресс, 2022. 23-28 с.
3. Шлюбуль Е.Ю. К вопросу о роли тьютора в условиях новой архитектуры образования // Педагогические чтения. Ежегодник. - Волгоград, 2021. 67-70 с.
4. Попова А.В. Цифровая педагогика: к вопросу об изменении роли акторов педагогического процесса // Проблемы современного образования. 2021. №3. 81 -93 с.
5. Выршиков А.Н. Методологические основы тьюторского сопровождения // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. 2019. №4. 21-25 с.
6. Дунаева Н.И., Егорова П.А. Сопrotивляемость личности трудностям в период обучения в дистанционном формате // Вестник Мининского университета. 2021. Т.9 №2.
7. Позиция // Большой Энциклопедический словарь. URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc3p/237710> (Дата обращения: 04.02.2023)
8. Салаватулина Л.Р. Тьюторская позиция преподавателя в сопровождении самостоятельной работы студентов // Вестник Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогического университета. 2019. №1.- 114-127 с.
9. Розин В.М. Философия субъективности. М.: АПК и ППРО, 2011. 388 с.
10. Ковалева Т.М. Тьюторство как антропопрактика // Человек. RU. 2016. №11. 71-81 с.
11. Боровкова Т.И., Буланцева Е.В. Тьюторская позиция педагога // Интеграция научных школ Дальнего Востока в образовании региона: сборник статей по итогам Всероссийской научно-практической конференции. Хабаровск: Изд-во ТОГУ, 2021. 199-205 с.
12. Бережнова Е.В. Ценностный аспект позиции педагога-ученого: к постановке проблемы // Педагогика. 2014. №3. 22-27 с.
13. Розин В.М. Природа и особенности гуманитарного познания и науки //Наука глазами гуманитария /Отв. ред. В.А.Лекторский. М., 2005. 59-93 с.
14. Асташова Н.А., Малькина О.В. Ценности педагогической деятельности и карьерные ожидания современного учителя // Известия Смоленского государственного университета.- 2015. №2. 315-326 с.
15. Курденкова О.П. Социально-педагогические условия построения студентами университетов индивидуальных стратегий непрерывного образования. 2017. 34 с.
16. Микешина Л.А. Эпистемология ценностей. М, 2007. 439 с.

ӘОЖ 167.3

КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ «МЕН» КОНЦЕПЦИЯСЫН ДАМУ ТУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Матаев Берік Айтбайұлы
«Педагогика және психология» PhD
«Ә.Марғұлан» атындағы ППУ оқытушы-эксперті
Павлодар қаласы, Қазақстан
E-mail: matayevba@pspu.kz

Аңдатпа

Берілген мақалада психологиялық ғылымдағы «Мен» концепцияны зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілеріне талдау жасалды. Кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын зерттеу барысында қолдануға болатын психологиялық теориялар мен тұрғыларға шолу жасалады және «Мен» концепцияның маман дамуындағы рөлі айқындалды. Сондай-ақ, мақалада отандық, ресейлік және алыс шетелдік зерттеушілердің «Мен» концепциясына теориялық шолуы барысында анықталған сипаттамалары мен зерттеулеріне қарастырылған.

***Түйінді сөздер:** «Мен» жүйесі, «Мен» концепция, кәсіби даярлау, тұғырлар, әдіснама.*

Аннотация

В данной статье проанализированы теоретико-методологические аспекты изучения концепта «Я» в психологической науке. В контексте профессиональной подготовки сделан обзор психологических теорий и концепций, которые можно использовать при изучении концепта «Я» студентов, а также определена роль концепта «Я» в профессиональном развитии, в статье описаны характеристики и предоставлены для исследования.

Ключевые слова: система «Я», концепция «Я», профессиональная подготовка, основы, методика.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени және экономикалық жаһандануы жоғары білім беру жүйесіне өзгерістерін енгізуде. Қазіргі таңда қоғам белсенді, креативті ойлайтын, жоғары адамгершілік әлеуетке ие, өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын және т.б. қабілеттерді меңгерген тұлғаға заманауи маман ретінде жаңа талаптар қояды.

Осы талаптарды тиімді шешу – «Мен» концепциясымен сәйкес келеді, сондықтан «Мен» концепциясының ғылыми негіздерін қайта зерделеу өзекті мәселе болуда.

Осы орайда Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауында: «Біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанмыз жөн» деп атап көрсетті [1].

Сонымен қатар жоғарыда аталған міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін ҚР «Білім туралы» Заңы [2], ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы [3], ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Педагогтің кәсіби стандарты» [4], ҚР «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар құрайды.

Алайда кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын дамытуға арналған зерттеу жұмыстарының әлдеде жеткілікті деңгейде қарастырылмауы және осы процестің теориясы мен практикасын ғылыми тұрғыдан толықтырудың қажеттілігі мақаламыздың өзектілігін арттырады.

«Мен» концепциясы компонентті, модалды және аспектілі күрделі ұғым бола тұра, тұлға әрекетіне байланысты көп қызметті атқарады. Алайда тұлғаның «Мен» концепциясы тұлғааралық қатынастарда жеке тұлғаны әлеуметтендіруде және дамытудағы маңыздылығын мойындай отырып, әртүрлі ғылыми мектептердің өкілдері әдіснамалық сипаттамаға байланысты «Мен» концепциясының мазмұнын, құрылымын, қызметін және оны қалыптастыру механизмдерін әртүрлі баяндайды.

«Мен» ұғымы ежелгі философиялық және педагогикалық-психологиялық ұғымдардың бірі болып табылады, бірақ оның категориялық мәртебесі бүгінгі күнде әлі белгісіз болып қалуда. Кейбір әдебиеттерде «Мен» ұғымымен бірге «мендік», «сәйкестілік» және «Эго» сияқты аналогиялық терминдер әртүрлі мағынада қолданылады. Берілген ұғымдар бір-бірімен сәйкестендіріледі, ал кейде бір жағынан «тұлға» ұғымымен, ал екінші жағынан «өзін-өзі тану» ұғымымен кірігіп кетеді. И.С.Конның пікірінше, бұл бейнелердің барлығы индивидтің ішкі әлемін сипаттайды және оның өмірлік тәжірибесімен басқа адамдармен шынайы өзара әрекеттесуімен байланысты [5].

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге жасалған талдау барлық еңбектерде «Мен» концепциясы термині негізінен біржақты, атап айтқанда, өзін-өзі бағалаумен байланысты адамның өзі туралы түсініктер жиынтығы ретінде зерделенгенін анықтады. «Мен» концепциясы неден және қалай құрылатынын нақтылаған кезде, әртүрлі авторлар «Мен» концепциясы туралы алуан түрлі түсініктер береді.

Қ.Қ.Шалғынбаеваның пікірінше: «Мен-тұжырымдамасы» кейде жеке адамның өзін-өзі ұғыну қызметінің нәтижесінде алынған өзін рефлексивті анықтау ретінде қарастырады [6]. Ал, «Рефлексия - өзін: өзінің іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, тілін, тәжірибесін, сезімдерін, күйлерін, қабілеттерін, мінезін, өзгелерге қарым-қатынасын, өзінің міндеттерін, тағайындалуын және т.б. талдауға, түсінуге, ұғынуға бағытталған ойлау (рационалды) үдерісі және іс жүзінде рефлексия өзін-өзі бақылаумен, интроспекциямен, ретроспекциямен және өзін-өзі ұғынумен байланысты» - деп түсіндіреді [6, б. 121].

Сонымен қатар, Қ.Қ.Шалғынбаева: «Мен-тұжырымдама» құрамында үш құрылымдық құрамдастарды белгілейді: 1) когнитивті құрамдас – «Мен бейнесі», оған өзі туралы көріністер мазмұны кіреді; 2) өзін-өзі бағалау жүйесі; 3) мінез-құлқытағы когнитивтік және бағалаушы көріністерді сипаттайтын мінез-құлықтық құрамдас» – дейді [7].

Психологиялық сөздіктің авторлары «Мен» концепциясына келесі анықтама береді:

1) тұрақты, адамның өзі туралы түсінігінің белгілі бір дәрежеде саналы, ойлы, қайталанбас жүйесі;

2) тұтас, ішкі қайшылықтары бар, өз-өзіне деген ұстаным ретінде әрекет ететін «Мен» бейнесі. «Мен» концепциясы келесі компоненттерге ие:

а) когнитивтік – өз қасиеттерінің, қабілеттерінің, әлеуметтік маңыздылығының (өзіндік сана) бейнесі;

ә) эмоционалды – өзін-өзі сыйлау, өзін-өзі жақсы көру;

б) бағалаушылық-еріктік – өзін-өзі бағалауды көтеру, сыйластыққа ие болуға ұмтылыс [8].

«Мен» концепциясы ғылыми ұғым ретінде арнайы психологиялық әдебиеттерде салыстырмалы түрде жақын арада ғана айналымға енді, дегенмен бұл бұрын зерттелмеді дегенді білдірмейді. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары батыстық ғылыми қоғамдастық адамның «Мен» мәселелеріне және оның бірегейлігіне ерекше назар аудара бастады. Бұл мәселе біріншіден, батыс психологиясының гуманистік немесе феноменологиялық бағытындағы зерттеулерде басты орын алды. Адам көріністеріне, яғни эмоциялар, сезімдер, ұстанымдар және т.б. зерттеулерге жүгініп, индивидті, оның тұлғалық дамуын түсінудегі дерексіз-антропологиялық, тарихтан тыс позицияларын алға тартқан У.Джеймс, А.Маслоу, К.Роджерс және басқалардың еңбектері негізін салушылар болып табылды. Екіншісі, фрейдистер (психоанализ), олардың пікірінше, адам өміріндегі «Меннің» басты рөлі бейсаналық және жүгенсіз құштарлық [9].

Қазіргі батыс әдебиетінде психология бойынша «Мен» терминінің көбінесе екі анықтамасы кездеседі:

Біріншісі К.Роджерс: «Ол өзінің қасиеттері мен қабілеттерін қабылдау және «Меннің» перцептивті, концептуалды сипаттамалары, басқа адамдармен, жалпы қоршаған ортамен байланысы сияқты элементтерден тұрады, олардың тәжірибемен және объектілерімен байланысы арқылы қабылданатын құндылық қасиеттері; позитивті және негативті валенттілікке ие мақсаттар мен идеалдар. Осылайша өткен, қазіргі және болашақта бар деп қабылданған осы қасиеттер мен қатынастарға байланысты позитивті және негативті бағалаулармен қатар, оның қарым-қатынастарында өзін-өзі бейнелеу немесе өзіндік қалыптастыру негізі ретінде санада қалыптасқан ұйымдасқан сурет» - деп терминнің мәнін анықтайды [10].

Екіншісі, Дж.В.Стейнс (J.W.Staines) «Мен» концепциясын индивидтің өзіне қатысты реакцияларының нәтижесінде туындайтын бағалаушылық көріністер мен олардың реттелуін қамтитын жеке адамның санасында бар түсініктер, бейнелер және бағалау жүйесі ретінде, сондай-ақ ол басқа адамдардың көзіне қалай көрінетіні туралы түсінігі деп тұжырымдайды. Осының негізінде ол қандай болғысы келетіні және өзін қалай ұстау керектігі туралы түсінік қалыптасады [11].

Жоғарыда аталған анықтамаларға сүйене отырып, тұлғаның «Мен» концепциясы - санада дербес және жеке бейнелер ретінде қалыптасқан, өзіндік «Мен» және ол әрекет процесінде жүзеге асырылатын қатынастардың көріністер белгісі, сонымен қатар уақыт аспектілерінде «Мен» бейнесі қабылданған қасиеттер мен қатынастарға байланысты позитивті немесе негативті бағалаулар мен құндылықтарды қамтитын «Мен» бейнелерінен құрастырылған жүйе феномені деп айтуға болады.

Р.Бернстің көзқарасы бойынша «Мен» – бейне және «Мен» - сурет ұғымдары тұлғада «Мен» концепциясының когнитивтік компонентін бекіту үшін ғана қолдануға болады, ал бағалау компоненті өзін-өзі бағалауда бекітіледі. Өзін-өзі бағалауда шынайы «Мен» және идеалды «Мен» бейнелерін салыстыру, оның сәйкес келмеуі адамның психикалық денсаулығының өлшемін сипаттайды [12]. Себебі оны адамның «Мен» концепциясы өзгеруінің динамикалық сипаттамасы ретінде қолдануға болады және осы зерттеу жұмысымызда субъектіні зерттеудің бір параметрі немесе көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Осындай кешенді зерттеу барысында құндылық бағдары қызметін орындайтын тұлғаның регулятивті белгісі туралы пайымдауға болады, яғни тұлғада «Мен» концепциясының өзін-өзі реттеуі қызметі және жеке басты мотивтері бар екенін білдіреді.

Сондықтан американдық психолог Р.Бернс тұлғаның «Мен» концепциясы - адамның өзі туралы динамикалық жүйесінің түсінігі деп тұжырымдайды, оған өзінің физикалық, зияткерлік және басқа да қасиеттерін түйсіну, өзін-өзі бағалау, сондай-ақ тұлғаға әсер ететін сыртқы факторларды субъективті қабылдауды енгізді [12, с. 37]. Сондықтан бүгінгі таңда «Мен» концепциясының педагогикада да, психологияда да жалпы қабылданған анықтамасы әлі жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, «Мен» концепциясының тұлға және тұлғааралық қатынастарды әлеуметтендіру үшін маңыздылығын мойындай отырып, шетелдік ғылыми мектептердің өкілдері «Мен» концепциясының мазмұнын, құрылымын, қызметін, оны қалыптастыру механизмдерін әртүрлі екені анықтады. Психодинамикалық тәсіл аясында индивидтің өзі туралы қалыптасқан түсініктерінің ерекшеліктерін (жеке қасиеттері, құндылықтары, мүдделері, қабілеттері) өзін-өзі сәйкестендірудің бейсаналық механизмінің әрекетімен түсіндірілді.

Кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын дамытуды анықтау процедурасын ғылыми әзірлеу және практикалық іске асыру педагогикалық-психологиялық зерттеудің бірқатар ғылыми-әдіснамалық негіздерін және оларды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық формаларын, сонымен қатар нәтижелердің өзара байланысын модельдеу және математикалық дәлелдеу мүмкіндіктерімен ескеруді және сақтауды талап етеді. Кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясының дамытуы жақсы оқуды және болашақ кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз етеді. *Жүйелік тұғыр*. Эмпирикалық көптеген еңбектер, әсіресе психикалық құбылыстардың, механизмдердің, феномендердің және т.б. дамыту мен қалыптасуы бойынша мәселелер осы тұғыр аясында өткізілгенін байқауға болады. Сондай-ақ біздің зерттеуіміздің мәселесі бойынша ғылыми негіздеме және дамыту, «адам» мен «мамандық» та екі жүйенің компоненттерінің өзара байланысы туралы заңдарды көрсететін жүйелік тұғыр тұрғысынан жүргізуге болады. Кәсіби даярлау жағдайында «Мен»

концепциясын дамыту процесінің жүйелік сипаты Б.Ф.Ломовтың «Адам қасиеттерінің әртүрлілігі және индивидтің белгілі бір жүйеге жататындығын көрсететін жүйелік қасиеттерді бөлу қажеттілігі туралы» ұстанымына сәйкес келуі мүмкін [13].

Жүйелілік тұғырдың ғылыми идеологиясы студенттің «Мен» концепциясын оның жүйелік қасиеті ретінде кәсіби даярлау жағдайында зерттеуді қажет етеді. «Мен» концепциясын зерттеудегі және студенттің кәсіби қалыптасуын қамтамасыз етудегі жүйелік тұғыры қажетті нәтижеге жетудің формалары мен әдістерінің өзара байланысы туралы ережені анықтайды.

Іс-әрекет тұғыры. Кәсіби даярлау жағдайында студенттің «Мен» концепциясын дамытудың мәселесін зерттеуде А.Н.Леонтьев ұсынған «Іс-әрекет» теориясының ережелеріне және Б.Ф.Ломов әзірлеген «Психикалық көріністің реттеуші рөлі» концепциясына сүйене отырып ашуға болады. «Іс-әрекет» теориясы әртүрлі деңгейлеріндегі себеп-салдарынан пайда болған кәсіби даярлау процесінің макроқұрылым қатынастар сипатын анықтауға және сол арқылы кәсіби даярлау жағдайында студенттің «Мен» концепциясының көрінісі мен дамыту ерекшеліктерін анықтайтын құбылыстардың мәнін ашуға мүмкіндік береді. Заттық әлемнің психикалық көрінісінің заңдылықтары, іс-әрекет процесінде бейнелі құрылымның арақатынасы, психикалық және физиологиялық ресурстардың адекваттылығы, осының барлығы кәсіби даярлау жағдайында студенттің «Мен» концепциясының ерекшеліктерін анықтайды.

Тұлғалық тұғыр. Кәсіби даярлау жағдайында студенттің «Мен» концепциясын зерттеудегі тұлғалық тұғыр туралы ереже ішкі факторлардың көріну ерекшеліктері және олардың тұлғаны қалыптастыру процестерін өзін-өзі реттеудегі және өзін-өзі жүзеге асырудағы рөлі туралы түсініктерді жүзеге асырады. Аталған тұғыр аясында студенттің «Мен» концепциясын зерттеу барысында тұлғаның когнитивтік, мотивациялық, бағалау, эмоционалды-ерікті және т.б. құрауыштарының ерекшеліктерін қарастырған еңбектер бар: В.С.Агапов [14], Е.Б.Быкова [15], А.М.Рикель [16] және т.б. Бұл еңбектердің көпшілігі, негізінен, «Мен» концепциясын тұлғалық ерекшеліктердің байланысы ретінде қарастырады, яғни, әдетте, оны бір уақытта анықтаған кездегі байланысы, кәсіпқой тұлғаның қалыптасу процестерін және психикалық өзіндік сана тетіктерін зерттеуге назар аударады. Сонымен қатар кең мағынада студенттің «Мен» концепциясын зерттеуге тұлғалық тұғыр әртүрлі жүйелер мен организм қызметтерінің жай-күйінің ерекшеліктері сияқты құрылымдық-динамикалық сипаттамаларға әсерін бағалауды қамтиды. Осылайша кәсіби даярлау жағдайында студенттің «Мен» концепциясын психологиялық зерттеу мен дамытудағы тұлғалық тұғыр тұлғаның психикалық және физиологиялық ресурстары мен қызметтік резервтеріне назар аудару қажеттілігін анықтайды.

Әлеуметтік психологиялық тұғыр. Студенттің «Мен» концепциясын талдаудағы негізгі ұғымдар әлеуметтену процесі және әлеуметтік рөл факторы болып табылады. Бұл жағдайда басты мәселе белгілі бір қоғамға тән стандарттар, құндылықтар мен нанымдар студенттің «Мен» концепциясына қалай әсер ететіндігімен негізделеді. Әлеуметтену және әлеуметтік рөл студенттердің танымдық қажеттіліктерінің артуына, рөлдік таңдау ауқымының ұлғаюына және қоршаған ортаның кеңеюіне байланысты жетекші мәнге ие болады [17].

Студенттік жастың басты ерекшеліктері әлеуметтік рөлдердің ауысуы болып табылады - өмір салтының өзгеруі, мектепті ЖОО-ға ауыстыру, үйден кету, жаңа қарым-қатынас жүйесіне қосылуы, күтулердің өзгеруі және болашаққа деген белгілі бір үміттердің пайда болуымен байланысты. Мұның бәрі әлеуметтенудің қарқынды процесі аясында студенттің «Мен» концепциясын терең қайта қарастыруына әкеледі.

Типологиялық тұғыр - кәсібилендіру адамның тұлға типіне байланысты мамандыққа ену ретінде қарастырылады. Бұл тұғырдың ең танымал өкілі Дж. Холланд (J.Lewis Holland) болып табылады. Дж. Холланд «RIASEC» теориясында - кәсіби таңдау, өмірлік маңызды шешім ретінде, тұлғаның типімен анықталады. Зерттеуші тұлғалық типті сыртқы және ішкі факторлардың өзара әрекеттесуінің өнімі ретінде сипаттайды [18]. Маңызды факторлар қатарына әлеуметтік орта, отбасылық тәрбие, мәдени мұра және мұрагерлікті жатқызған. Дж. Холланд «RIASEC» теориясы шеңберінде тұлғаның алты типін анықтады: шынайы, зерттеуші, әлеуметтік, шеберлік, кәсіпкерлік, конвенционалдық. Типологиялық тұғырға сәйкес кәсіби әрекеттің тиімділігі және нәтижеге қанағаттану тұлға типімен мамандық типі арасындағы үйлесімділікке байланысты. Тұлға мен мамандық типінің арасындағы айырмашылық неғұрлым көп болса, соғұрлым ішкі наразылық пен ыңғайсыздық та көп болады.

Даму психологиясы тұрғысынан тұғыр негізін қалаушылардың бірі Д.Сьюпер және оның кәсіби даму теориясы болып табылады [19]. Ол феноменологиялық ұғымдарды дифференциалды психологиямен біріктіре алды және бұл дамудың танымал теориясының бірі пайда болуына әкелді. Теорияның негізгі ережелері: адамдар тұлғаның қабілеттерімен, қызығушылықтарымен және қасиеттерімен сипатталады; әр адам бірқатар мамандықтарға, ал мамандық бірқатар индивидтерге сәйкес келеді; уақыт пен тәжірибеге байланысты кәсіби дамудың объективті және субъективті шарттары өзгереді; кәсіби дамудың бірқатар кезеңдері мен фазалары бар; даму ерекшеліктері ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық деңгейімен және индивидтің қасиеттерімен анықталады; кәсіби

даму «Мен» концепциясын жүзеге асырудан тұрады; идеалды және шынайы «Мен» бейнелері өзара әрекеттесуімен кәсіби рөлдерді орындау кезінде пайда болады.

Демек теорияның негізгі ұстанымы белгілі бір мамандықта индивидті таңдаудың және одан әрі өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі механизмі қолданыстағы «Мен» концепциясын жүзеге асыру қажеттілігі болып табылатындығына негізделеді. «Мен» кәсіпқой бейнесі, сонымен қатар мамандықтарды тартымдылық дәрежесі бойынша саралау арқылы немесе адамның «Мен» концепциясын бекіту үшін нақты мамандықты қабылдау арқылы зерттелуі мүмкін.

Кәсібилендіру процесін Д.Сьюпер бес кезеңге бөлді: – ояту, зерттеу, шоғырландыру, сақтау және құлдырау. Әдетте, кәсіби ББД зерттеу сатысында (15-тен 24 жасқа дейін) дамиды және қалыптасады, тұлға өзінің нақты қабілеттеріне назар аудара отырып, өзін әртүрлі мамандықтарда жүзеге асыруға тырысады. Сөйтіп студенттің тиісті «Мен» концепциясын дамытуға/қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Д.Сьюпер пікірінше, тұлға мамандықты таңдаған кезде, оның «Мен» концепциясына сәйкес келуі қамтамасыз етіледі, жасалған таңдау арқылы қанағаттанады. Сондықтан Д.Сьюпер тұрғысынан кәсіби таңдау және бағдарлау процесінің таңдалған мамандыққа оң көзқарас пен позитивті «Мен» концепциясын дамыту үшін үлкен маңызы бар [20].

Синергетикалық тұғыр. Педагогикалық-психологиялық ғылымның заманауи өкілдерінің пікірінше, тұлға өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі жүйе. ХХ ғасырдың соңында ғылымда тұлғаны зерттеудің «Синергетикалық» тұғыры пайда болды. Синергетиканың негізін қалаушылардың бірі Г.Хакен (H.Haken) табиғатта келесі белгілермен сипатталатын ашық жүйелер бар деп санайды: жүйе сыртқы жағдайларға жауап береді; жүйенің мінез-құлқы кездейсоқ және бастапқы жағдайларға тәуелді емес, бірақ алдыңғы жағдайларға байланысты; энергия ағыны жүйеде тәртіп жасайды, жүйенің энтропиясы (пайдасыздығы) төмендейді; жүйеде бифуркация (қайта қаралу) нүктелері; қол жетімділікте жүйенің жаңа қасиеттерімен біртұтас мінез-құлқы қамтамасыз ететін когеренттілігі (уақыт бойынша үйлесімді өтуі). Мұндай жүйелер өзін-өзі ұйымдастыру деп аталады. Өзін-өзі ұйымдастыру жаңа құрылымдық элементтер пайда болатын немесе бұрынғы қызметтер жаңа қызметтерге орындай бастайтындай мамандандыру жүйесі құрылымының күрделенуінде көрінеді. Мамандандырудың арқасында жүйе жұмысының тиімділігі артатыны соншалықты, тіпті ол қоршаған ортаның өзгерген талаптарын қанағаттандырады [21].

Гуманистік тұғыр. Әрине, тұлғаның «Мен» концепциясын зерттеудің әдіснамалық тұғырларын қарастыра отырып, оны түсінудің көптеген аспектілерін қамтитын гуманистік тұғырды атап өтпеу мүмкін емес. Гуманистік тұғыр тұлғаны өзін-өзі бағалау ретінде қарастырады, осылайша оның өзін-өзі өзектендіруі, өзін-өзі сәйкестендіруі, өзін-өзі жетілдіруі және т.б. оның ішкі әлеуеті мен ресурстарына сүйенеді және оларды ескереді. Гуманистік тұғырдың айқын өкілдері Г.Олпорт (G.W.Allport), А.Маслоу, К.Роджерс болды. Гуманистік тұғыр тұлғаны кез-келген кіріптарлық құрбаны болған кезде де, эмоционалдық құлдырау, аффект күйінде болғанда да немесе агрессияны көрсеткен кезде де, оң көзқарасты және позитивті қалыпта сақталуында көрінеді. Тұғыр тұлға дамуы мен қалыптасуының барлық белестерді қамтиды. Гуманистік тұғыр адамда – «Тұлғаны» көреді және оны регрессия немесе жетістікке қол жеткізу кезеңдерінде қолдайды.

Әлеуметтік-мәдени тұғыр – негізі В.Д.Шадриковтың психологияны тану пәні ретінде «Адамның ішкі әлемі» концептуалды жағдайында және Н.С.Шадриннің детерминацияның негізгі ұғымдарының жалпы құрылымында жатыр. Н.С.Шадриннің пікірінше, тұлғаның «Мен» концепциясын дамытудағы маңызды анықтаушы фактор - «индивид», «іс-әрекет субъектісі» және «тұлға» ұғымдары болып табылады. Олар үш өлшемде әрекет ете алады: «Мен» индивид – бұл адам өмірінің даралық субъектісінің сана – сезімі үшін арналған көрініс; іс-әрекет субъектісі ретінде «Мен» кәсіпқой көрінісі; «Мен» тұлға – адамның жаһанды әлемнің объектісі ретіндегі көрінісі. Олар ырықсыз еріктің өзін-өзі реттеуін және ырықты мағыналық реттеуді қамтиды. Осылайша студенттің «Мен» концепциясы жаһанды «Мен» концепциясының бір аспектісі болып табылады [22].

Кәсіби жарамдылық тұғыры. Кәсібилікті зерттеудегі ең көп таралған тұғырлардың қатарына Н.Д.Левитовтың еңбектерінен бастау алатын «Кәсіби жарамдылық» ұғымы тұрғысынан құрылған тұғыр жатады [23]. Осы тұғыр аясында кәсібилендіру процесінің негізгі өлшемдері кәсіби жетістік және нәтижеге қанағаттану болып табылатын кәсіби жарамдылықты қалыптастыру немесе оған қол жеткізу ретінде қарастырылады.

В.А.Бодровтың пікірі бойынша кәсіби жарамдылық категориясының мәні:

- адамның бейімділігі мен қабілеттеріне неғұрлым толық сәйкес келетін кәсіп түрін таңдау;
- таңдалған кәсіпке деген қызығушылық, еңбек процесі мен нәтижелеріне қанағаттану;
- еңбек қызметтерін орындаудың тиімділігін, сенімділігін, қауіпсіздігін бағалау шарасы және еңбек нәтижелілігінің даралық өлшемі;
- тұлғаның әлеуметтік өзін-өзі анықтауының (өзін-өзі бекіту, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру) көріністерін дамыту;

– іс-әрекет субъектісінің кәсіпқойлық эталондық моделіне қол жеткізуге ұмтылу барысында тұлғаның «Мен» концепциясы мен кәсіпқой «Мен» бейнесін қалыптасуы [24, с. 5].

Құзыреттілік тұғыр мәселенің құрылымдық элементтерінің әртүрлі байланыстарын ескере отырып зерттеуге, болашақ мамандарды теориялық даярлау жағдайында тәжірибе жинақтау, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін практикалық сабақтарға көңіл болу. Қазіргі уақытта ЖОО студенттерін даярлау сапасының көрсеткіштері жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттерге айналуға. Жұмыс беруші үшін маманның кәсіби құзыреттілігі, еңбек міндеттерін тиімді орындау қабілеті маңызды болып келеді [25].

Кәсіптік даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясы қалыптасуының ғылыми негіздерін зерттеудің құзыреттілік тұғыры білім беру кәсіптік ортаның мазмұнын, нысандарын, әдістерін, құралдарын, өлшемдерін, ұйымдастырылуын кеңейтеді және болашақ мамандарда әртүрлі құзыреттердің өзара байланысы туралы түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын дамытуда көптеген тұғырлардың бар екенін, сонымен қатар оларды жіктеуге болатын негіздер де жоқ еместігін айтуға болады. Бірақ тұғырлар өздерінің арасында зерттеулік өзара әрекеттесуі бар екенін атап өткен жөн және оларды жіктеу кезінде қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Біздің ойымызша, болашақ мамандарды даярлау жағдайында студенттердің өзіндік қажеттіліктері және оларды қанағаттандыру мүмкіндігінің сәйкестігін көрсететін «Мен» концепциясын дамытумен байланысты болуы керек. Кәсіби даярлау тұлғалық өзіндік сана, білім беру және танымдық іс-әрекет аясында тікелей кәсіби өзін-өзі анықтау негізінде жүретіні маңызды, ал тұлғалық құндылықтар әлеуметтік нормаларға, көзқарастарға, әлеуметтік-мәдени дәстүрлерге және адам тәжірибесіне кәсіби бағдарлар түрінде өтеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қ.Ж. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі атты Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/addresses>. 29.09.2020
- 2 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III ҚРЗ қабылданған (2011 жылы 24 қазанында бұйрыққа толық мен өзгертулер енгізілген №487-IV ҚРЗ) // www.edu.gov.kz. 04.07.2018
- 3 Қазақстан Республикасының Заңы. Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №293-VI ҚРЗ қабылданған // adilet.zan.kz/kaz/docs/. 04.07.2018
- 4 ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Педагогтің кәсіби стандарты» // atameken.kz/uploads/content/files/. 13.03.2020
- 5 Кон И.С. Открытие Я. М.: Политиздат, 1978. 243 с.
- 6 Шалғынбаева Қ.Қ. Өзін-өзі тану негіздері: оқу құр. Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2017. 158 б.
- 7 Матаев Б.А., Матаева А.К. «Мен» концепциясы және оның құрылымы // Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары: халық. ғыл.-практ. конф. матер. – Алматы, 2019. 500-503 б.
- 8 Психология: словарь / под ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с.
- 9 Матаев Б.А., Чекалева Н.В. «Я» концепция в личностно-ориентированном обучении // Модернизация системы образования: тенденции, проблемы и перспективы: матер. междунар. науч.-практ. конф. Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2019. 396-401 с.
- 10 Матаев Б.А., Тулекова Г.М. «Мен» концепция психологиядағы зерттеу пәні ретінде // С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. 2019. №4. 264-275 б.
- 11 Staines J.W. The Self-Concept in Learning and Teaching // Australian Journal of Education. 1963. №7. 172-186 p.
- 12 Бернс Р. Развитие Я - концепции воспитания / пер. с англ. М.: Прогресс, 1986. 421 с.
- 13 Ломов Б.Ф. Системный подход и система детерминизма в психологии // Психологический журнал. 1989. №4. 19-33 с.
- 14 Агапов В.С. Становление Я-концепции в управленческой деятельности руководителей: автореф. ... док. псих. наук: 19.00.05, 19.00.13. М., 1999. 50 с.
- 15 Быкова Е.Б. «Я-концепция» и временная перспектива подростков и юношей с нарушениями зрения: монография. СПб.: РГПУ им. А.И.Герцена, 2013. 151 с.
- 16 Рикель А.М. Профессиональная Я-концепция и организационная культура как факторы успешной карьеры: дис. ... канд. псих. наук: 19.00.05. М., 2012. 263 с.
- 17 Шаранов Ю.А. Современные представления и атрибуты психодинамического подхода в психологии // Проблемы развития современных психодинамических концепций в России и за рубежом: матер. междунар. науч.-практ. конф. СПб., 2010. 14-25 с.
- 18 Седых А.Б. Вклад Джона Льюиса Холланда в психологию профессий и карьеры // Человек. Сообщество. Управление. 2009. №4. 54-67 с.
- 19 Super D.E. A perspective on career development // Journal of Career Development. 1993. №19. 255-264
- 20 Super D.E. et al. Self-concepts in Vocational Development. NY.: College Entrance Examination Board, 1963. 94 p.
- 21 Хакен Г. Синергетика. М.: Мир, 1985. 17 с.

- 22 Шадрин Н.С. Введение в общую психологию, историю психологии и психодиагностику. Павлодар: ПГПУ, 2020. 192 с.
- 23 Левитов Н.Д. Психотехника и профессиональная пригодность. М., 1926. 110 с.
- 24 Бодров В.А. Психология профессиональной пригодности. М., 2001. 511 с.
- 25 Вербицкий А.А. Компетентностный подход и теория контекстного обучения. М.: ИЦ ПКПС. 2004. 200.

УДК 372.878

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА ПЕДАГОГА: ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Набатникова Татьяна Ивановна
магистр педагогических наук
руководитель методического кабинета
дошкольного и общего среднего образования
ГУ «Управление образования акимата Костанайской области»
г. Костанай, Казахстан

Аңдатпа

Мақалада педагогтарды кәсіби қолдау мен шеберлігін дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Облыстық білім басқармасының Әдістемелік кабинетінің қызметінде инновациялық тәсілдерді аймақтық деңгейде енгізу жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: *жас мұғалімдерді қолдаудағы әдістемелік жұмыс, «Мұғалім өмір бойы білім беру» жобасын жүзеге асыру тәжірибесі, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу және облыс педагогтарының біліктілігін арттыру бойынша арнайы жұмыстарды ұйымдастыру.*

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы профессиональной поддержки и развития мастерства педагогов. Показаны пути реализации на региональном уровне инновационных подходов в деятельности Методического кабинета Областного управления образования.

Ключевые слова: *методическая работа в поддержке молодых педагогов, опыт реализации проекта Педагог в непрерывном образовании, профессиональное самообразование и организации специальной работы по повышению квалификации педагогов региона.*

Annotation

The article deals with topical issues of professional support and development of the skills of teachers. The ways of implementation at the regional level of innovative approaches in the activities of the Methodological Cabinet of the Regional Department of Education are shown.

Key words: *methodical work in support of young teachers, experience in the implementation of the Teacher in Lifelong Education project, professional self-education and organization of special work to improve the skills of teachers in the region.*

Тема профессиональной поддержки педагога является актуальной во все времена. Неоспорим тот факт, что сами изменения в системе образования не могут автоматически повысить компетентность педагогов. Мы все знаем простую истину: меняется мир – меняемся мы! Соответственно меняются требования к педагогу, его деятельности. Безусловно, они по-разному реагируют на этот процесс. Кто-то открыт к новому, мобильно «переворачивает» мышление и уверенно вступает в обновление. Но есть категория педагогов, сдерживающихся в принятии изменений. Здесь важно перезагрузить сам процесс профессиональной поддержки.

Учитывая, что общество острее осознало социальную роль образования и главного субъекта – педагога, изменено и само понимание сути методической работы (ее цели, задачи, методологические основания) как процесса практической верификации и обогащения профессиональной культуры, и опыта учителя на продуктивно-прогностическом уровне, позволяющего достигать более высоких уровней профессионализма.

Формирование современного педагога является интегративной задачей функционирования педагогических вузов и организаций системы повышения квалификации, в том числе методических служб, поскольку процессуально он состоит из довузовского, вузовского и послевузовского этапов и требует совершенствования каждого из них. При этом система повышения квалификации, методические службы должны стать *своеобразной педагогической интернатурой для начинающих учителей и творческой мастерской/лабораторией профессионального саморазвития для более опытных педагогов*, которые можно рассматривать как ведущий способ совершенствования профессионализма, а нередко и как способ компенсации, коррекции недостатков профессиональной готовности к практической деятельности.

Конечно, свои коррективы в деятельность педагога внесла пандемия. При этом как учителя, так и методисты отнеслись к этому по-разному. Здесь уместно привести цитату Пивоварова А.А.,